



### Бүркіт НУРМАҒАМБЕТОВ,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі, аға әділет кеңесшісі, саяси ғылымдарының кандидаты, доцент

## ЖАҢА ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТЫҢ БАСТАМА

**Қ**ұқық қорғау органдары академиясында 2018 жылдың 6 сәуірінде «Әскери, арнаулы оқу орнындағы жаңа гуманитарлық білім» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Іс-шара Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын және «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жыл сайынғы Жолдауын талқылауға арналды.

Конференция жұмысына құқық қорғау және мемлекеттік органдар, жоғары оқу орындарының өкілдері, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, Үндістан, Ирак, Түркия сарапшылары, сондай-ақ Ресей, Иран және Пәкістан мамандары телекөпір арқылы қатысты.

Кездесуді ашқан Академияның ректоры м.а. Шакир Шаяхметов конференция күн тәртібінің өзектілігін атап өтті. «Бағдарламалық құжаттарда жоғары мектеп үшін басымдық міндеттер қойылған: гуманитарлық және әлеуметтік пәндер бойынша толыққанды білім алу үшін жағдай жасау, ұлттың әлеуетін мәдениет пен идеологияны одан

әрі дамыту арқылы қалыптастыру. Бұл мақсаттар бүгінгі біздің жұмысымыздың стратегиялық бағдары», – деді ол.

Өкілдік форум шеңберінде заңдық білім беру жүйесіндегі әлеуметтік-гуманитарлық білімнің рөлін арттырудың маңызды бағыттары, болашақ мамандардың кәсіби және жалпы мәдени құзыреттерін қалыптастырудағы маңыздылығы туралы маңызды кәсіби диалог өтті.

Атап айтқанда, психология, кәсіби психология, педагогика, әлеуметтану, саясаттану, философия, филология, құқық қорғау қызметкерінің кәсіби этикасы» сияқты гуманитарлық пәндер бойынша білім беру бағдарламаларына тиімді енгізу мәселелері талқыланды.

ЖОО жастарының рухани-адамгершілік және кәсіби мәдениетін қалыптастыру, құндылық бағдарларын тәрбиелеу талқылаудың маңызды тақырыптары болды. ЖОО-да діни білім, білім алушылар арасында экстремизмнің алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Сондай-ақ, қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру мәселелері талқыланды. Жас ғалымдар құқықтық мәселелер бойынша ғылыми зерттеулерінің тұсаукесерін өткізді.

Пленарлық отырыс, сондай-ақ секцияшілік қатысушыларының баяндамалары мен сөз сөйлеулерінде қамтылған ұсынымдар мен шешімдерге негіздей отырып, конференция қорытындысы бойынша мынадай ұсыныстар берілді:

1. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы және «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жыл сайынғы Жолдауында қойылған міндеттерді іске асыру бойынша қоғам мен мемлекет күштері мен ресурстарының шоғырлануын қамтамасыз ету.
2. Кезекті мамандарды даярлау және қайта даярлау нысандарын қоса алғанда, білім беру қызметінің барлық





деңгейлерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану.

3. Гуманитарлық пәндердің мазмұнын түлектен күтілетін құзыреттіліктеріне сәйкес келтіру, соның аясында бағдарламалық құжаттардың үш деңгейі негізінде құзыреттіліктерді үш блокқа бөлу ұсынылады.
4. Маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, сондай-ақ негізге алынатын қағидаттар мен құқық қорғау қызметі нормаларын белгілейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгермелі жағдайларға, бәсекеге қабілеттілікке, жоғары жетістіктерге қабілеттілік пен жаңа білімді меңгеруге, нақты мақсаттарға жетуге бейімделу.
5. Бейінді гуманитарлық арнаулы курстар – «Прокуратура қызметкерінің кәсіби этикасы», «Прокуратура органдарындағы аналитикалық жұмыс», «Кәсіби психология» және т.б. оқытуды ендіру.
6. Оқыту үшін тиісті базалық білімі бар тұлғалармен қатар, прокуратура органдары және басқа құқық қорғау органдардың басшылық кадрларын тарту, қолданбалы-теориялық және тәжірибелік-бағдарланған компонент бөлімімен үйлестіру мүмкіндігін береді.
7. Ынталандыру шараларының бұдан әрі іске асыру, кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлауды

дайындау жүйесі жаңғырту арқылы ӘАОО оқытушылары корпусының шығармашылық және инновациялық әлеуетін дамыту бойынша жұмысын жандандыру.

8. Білім алушыларда тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін оқу пәндерінің вариативті және таңдау бөлімінің тізбегін қалыптастыру бойынша жоғары білімнің жаңа мемлекеттік білім беру стандарттарының мүмкіндіктерін белсенді қолдану.
9. Жастарды рухани-адамгершілік тәрбиелеудің нысандары мен әдістерін заманауи ұлттық тәрбие идеалы, негізгі ұлттық құндылықтары мен аймақтың тарихи-мәдениет мұралары негізінде жетілдіру.

Конференцияға қатысушылардың пікірінше, бағдарламалық міндеттерді іске асыру тұрғысында халықаралық ғылыми және тәжірибелік әлеуетті біріктіру ведомстволық оқу орындарының ғылыми өміріндегі маңызды оқиға болды, өзара қызығушылық тудыратын қызықты мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді.

«Әскери, арнаулы оқу орындарындағы жаңа гуманитарлық білім» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушылары конференцияның ұйымдастырушылық іс-шараларының дайындығы мен өткізу сапасының жоғары деңгейіне, өткізілген аналитикалық және ғылыми-зерттеу жұмыс нәтижелерінің жоғары теориялық және тәжірибелік маңыздылығына назар аудартты.

